

Ақша аударымы қызметін көрсететін почта операторларына арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 182 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 499 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 желтоқсанда № 9965 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 19 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 69/НҚ бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 28.02.2022 № 19 және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.02.2022 № 69/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 703 және ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1302 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы

28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 3-2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақша аударымы қызметін көрсететін почта операторларына арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 703 және ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1302 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (Б.Ш. Тәжіяқов) заңнамада бекітілген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2014 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

_____ Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 19 қарашадағы
№ 499
және
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2014 жылғы 25 қарашадағы
№ 182
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Ақша аударымы қызметін көрсететін пошта операторларына арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

Ескерту. Талап жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 29.09.2020 № 935 және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.09.2020 № 359/НҚ (15.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тарау 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақша аударымы қызметін көрсететін пошта операторларына арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы Заң) 11-бабының 3-2 тармағына және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Талаптарда Қаржы мониторингінің субъектілеріне ақша аударымы қызметін көрсететін пошта операторлары (бұдан әрі – Субъектілер) жатады.

3. Талаптарда пайдаланылатын ұғымдар КЖ/ТҚҚ туралы Заңда және "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мағыналарда қолданылады.

4. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақша аудару қызметтері – бұл қолма-қол ақшаны, чектерді, басқа ақша құралдарын немесе басқа да жинақ қаражатын қабылдауды, сондай-ақ тиісті соманы қолма-қол ақшамен немесе алушыға коммуникация, жолдау, аудару арқылы немесе клирингтік желі арқылы басқа нысанда төлеуді көздейтін қаржылық қызметтер;

2) ҚМ-1 нысаны – КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидаларында айқындалатын қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпарат нысаны;

3) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері (бұдан әрі – КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдері) – Субъектілерді қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру процестеріне немесе өзге қылмыстық әрекетке әдейі немесе әдейі емес тарту мүмкіндігі;

4) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару – КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін анықтау, сондай-ақ оларды азайту мониторингі бойынша Субъектілер қабылдайтын шаралар жиынтығы (қызметтерге, клиенттерге қатысты);

5) уәкілетті орган – КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қолданатын мемлекеттік орган.

5. Ішкі бақылау:

1) Субъектілердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ету;

2) Субъектілердің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару үшін жеткілікті деңгейде қолдау;

3) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін азайту мақсатында жүзеге асырылады.

6. Ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – ІБҚ) Субъектілердің ішкі құжаты не КЖ/ТҚҚ бағытталған жұмыстың ұйымдастырушылық негіздерін регламенттейтін және КЖ/ТҚҚ мақсатында Субъектілердің іс-қимыл тәртібін белгілейтін осындай құжаттардың жиынтығы болып табылады.

7. Ішкі бақылау қағидалары КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабында көзделген, осы Талаптарға сәйкес Субъектілер дербес әзірлейтін бағдарламаларды қамтиды.

8. ІБҚ олардың сақталуына мониторингті жүзеге асыратын жауапты қызметкерді (бұдан әрі – жауапты қызметкер) тағайындауды көздейді, сондай-ақ құзыретіне КЖ/ТҚҚ мәселелері кіретін ІБҚ-ны ұйымдастыру, іске асыру мониторингі және сақтау жөніндегі бөлімшенің қызметкерлері айқындалады (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше).

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғары білімі бар, экономикалық қызмет саласында қылмыстар не ауырлығы орташа қасақана қылмыстар, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығы жоқ адам тағайындалады.

9. КЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Субъектілер күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ІБҚ-ға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

2-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы

10. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімшенің жауапты қызметкері мен қызметкерінің функцияларын сипаттауды, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде Субъектілердің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл тәртібін қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру;

2) клиенттерге іскерлік қатынастар орнатудан және іскерлік қатынастарды тоқтатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту және ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға тоқтатып қою жөнінде шаралар қолдану;

3) Субъектілердің зерделенуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияны күдікті операция ретінде тану;

4) клиенттің күдікті ретінде КЖ/ТҚ заңдастыру типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамасы бар операциясын тану ;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты, клиентке іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін пайдаланылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелердегі және бағдарламалық қамтамасыз етудегі жұмыс нұсқаулары мен регламенттерін қоса алғанда, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту фактілерін уәкілетті органға ұсыну;

6) клиенттің досьесін және онымен хат алмасуды қоса алғанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін тіркеу және сақтау.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға жіберілетін операцияларды құжаттамалық тіркеу Субъектілер белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады;

7) Субъект қызметкерлері жол берген, ІБҚ, КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылу фактілерінің оларға белгілі болғаны туралы Субъект қызметкерлерінің басшыны хабардар ету;

8) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау, анықтау, құжаттық тіркеу және бағалау нәтижелерін жаңарту;

9) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару және КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау тәуекелдерін азайту жөнінде рәсімдер, бақылау шараларын әзірлеу;

10) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелі дәрежесін ескере отырып өз клиенттерін жіктеу рәсімдерін қамтиды.

Субъектінің КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру жөніндегі қосымша шараларды бағдарламаға енгізуіне жол беріледі.

11. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімшенің жауапты қызметкері мен қызметкерлерінің функциялары:

1) ІБҚ-ны әзірлеу және келісу, оларға Субъект басшысымен өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ ІБҚ-ны іске асыру және сақтау мониторингін;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың берілуін ұйымдастыруды және бақылауды;

3) клиенттердің операцияларын күдікті деп тану туралы шешімдер қабылдауды;

4) клиенттердің операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, КЖ/ТҚ заңдастыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды;

5) клиенттердің операцияларын жүргізуді тоқтата тұру не одан бас тарту туралы және уәкілетті органға жіберу қажеттігі туралы шешімдер қабылдауды;

6) клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдауды;

7) клиентке қатысты қабылданған шешімдерді құжаттық тіркеуді;

8) ІБҚ-ны іске асыру нәтижесінде алынған деректер негізінде клиенттің досьесін қалыптастыруды;

9) ІБҚ-ы бұзылушылығы анықталғаны туралы Субъект басшысын хабардар етуді;

10) анықталған кемшіліктер туралы Субъект басшысына есептерді қалыптастыру үшін ІБҚ-ны іске асыру нәтижелерін және КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару мен КЖ/ТҚҚ ішкі бақылау жүйелерін жақсарту бойынша ұсынылатын шаралар туралы ақпарат дайындауды;

11) клиенттің досьесін, есеп және онымен хат алмасу туралы мәліметтерді қоса алғанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде бес жыл барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз етуді;

12) КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Субъектілердің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды қамтиды.

12. Жүктелген функцияларды орындау үшін жауапты қызметкерге және КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімшенің қызметкерлеріне мынадай өкілеттіктер беріледі:

1) өз функцияларын жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті мемлекеттік органдарға ақпарат береді;

3) уәкілетті органға оның сұрау салуы бойынша КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 3-1 және 3-2-тармақтарына сәйкес қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынады;

4) клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдау үшін Субъект басшысына сұрау салулар жібереді.

Субъектілер және олардың қызметкерлері клиенттерге және өзге тұлғаларға уәкілетті органға осындай клиенттер туралы және олар жасайтын операциялар туралы ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынғаны туралы хабарламайды.

Субъектінің КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімшенің жауапты қызметкері мен қызметкерлеріне қосымша функциялар мен өкілеттіктер қосуына жол беріледі.

3-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру заңдастыру тәуекелін басқару бағдарламасы

13. КЖ/ТҚҚ заңдастыру тәуекелін басқару бағдарламасы клиенттермен операцияны жүзеге асыратын тұлғаның тәуекел деңгейін бере отырып, КЖ/ТҚҚ заңдастыруға байланысты клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасау тәуекелін бағалауды көздейді.

Субъектілер жыл сайынғы негізде КЖ/ТҚҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау есебін және кем дегенде тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын ескере отырып, Субъектілер қызметтерінің КЖ/ТҚҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалауды жүзеге асырады: клиенттердің типі бойынша тәуекел, елдік (географиялық) тәуекел, көрсетілетін қызметтер тәуекелі және (немесе) оны ұсыну тәсілі.

Тәуекелдерді бағалау нәтижелері уәкілетті органның және КЖ/ТҚҚ саласындағы реттеуші органның талабы бойынша ұсынылады.

14. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚҚ заңдастыру тәуекелін арттыратын клиенттерге мынадай типтер жатады:

1) мемлекеттерден (аумақтардан) жеке және заңды тұлғалардың іскерлік қатынастары және пошталық ақша аударымдары бойынша:

ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз орындайтын; сыбайлас жемқорлық немесе өзге де қылмыстық іс-әрекет деңгейі жоғары;

Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) қолданатын санкцияларға, эмбарго мен ұқсас шараларға ұшыраған;

ұйымның террористік (экстремистік) қызметін қаржыландыруды немесе қолдауды ұсынатын;

БҰҰ-ның деректері бойынша осындай мемлекеттердің (аумақтардың) тізбелеріне сілтемелер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады;

2) клиент болып табылған жағдайда:

шетелдік жария лауазымды тұлға;

шетелдік жария лауазымды тұлғаның мүддесіне (пайдасына) әрекет ететін тұлға;

шетелдік жария лауазымды адамның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылатын тұлға;

азаматтығы жоқ тұлға;

Қазақстан Республикасында тіркелген немесе болатын мекенжайы жоқ Қазақстан Республикасының азаматы;

резидент емес;

коммерциялық емес ұйым;

3) клиент (оның өкілі) не бенефициарлық меншік иесі не клиенттің контрагенті болып табылған жағдайда:

Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16404 тіркелген "Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 142 бұйрығымен бекітілген Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесіне кіретін мемлекетте (аумақта) операция бойынша тіркелген немесе қызметін жүзеге асыратын (бұдан әрі – Бұйрық);

террористік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне (бұдан әрі – Тізім) және (немесе) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 12 және 12-1-баптарында көзделген, терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбелер) енгізілген;

4) бұл жағдайларда:

мемлекеттік тіркеу кезінде мәлімделген клиенттің орналасқан жері оның басқару органдарының нақты қызмет орнымен сәйкес келмейді;

клиентпен іскерлік қатынастар ерекше жағдайларда жүзеге асырылады;

клиенттің қызметі қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты;

клиент ұсынған мәліметтерді тексеру кезінде Субъектілерде қиындықтар туындайды;

клиент операцияны тездетуді талап етеді;

клиент пайдалануы Субъектілердің әдеттегі тәжірибесінен ерекшеленетін стандартты емес немесе ерекше күрделі есептеу схемаларын талап етеді;

клиент қаржы мониторингі рәсімдерінен жалтаруға бағытталған іс-әрекеттерді жасайды;

бұрын клиенттің операциялары күдікті деп танылған;

5) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар:

тараптардың жеке қатысуынсыз жүзеге асырылатын;

белгісіз немесе байланысты емес үшінші тұлғалардың атынан немесе пайдасына жасалатын;

қолма-қол есеп айырысуларды қоса алғанда, анонимдік банктік шоттармен немесе анонимдік, ойдан шығарылған есімдерді пайдаланумен байланысты;

айқын экономикалық мәні немесе көрініп тұрған заңды мақсаты жоқ;

клиент оған тән емес жиілікпен немесе осы клиент үшін ерекше ірі сомаға жасайтын;

ол бойынша КЖ/ТҚ заңдастырудың жоғары тәуекелі туралы ақпарат бар.

Субъектілердің қосымша тәуекел факторларын қосуна жол беріледі.

15. КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Субъектілер осы Талаптардың 14-тармағында көрсетілген тәуекелдер санаттары мен факторларын, сондай-ақ Субъектілер белгілейтін тәуекелдердің өзге де санаттарын ескере отырып, клиенттерді жіктеу бойынша шаралар қабылдайды.

Клиент (клиенттер тобы) тәуекелінің деңгейін Субъектіде бар клиент (клиенттер) туралы мәліметтер мен ақпаратты талдау нәтижелері бойынша Субъектілер белгілейді және кем дегенде екі деңгейден тұратын тәуекел деңгейін анықтау шкаласы бойынша бағаланады.

Осы Талаптардың 14-тармағында көрсетілген тәуекелдер санаттары мен факторларын пайдалана отырып тәуекелді бағалау операциялар (іскерлік қатынастар) мониторингінің нәтижелері негізінде клиенттерге (клиенттер топтарына) қатысты жүргізіледі.

Клиент (клиенттер тобы) тәуекелінің деңгейін қайта қарауды Субъектілер клиент (клиенттер тобы) туралы мәліметтердің және операциялар мониторингі (іскерлік қатынастар) нәтижелерінің жаңартылуына қарай жүзеге асырады.

16. Субъектілер мыналарға байланысты туындауы мүмкін КЖ/ТҚ-ны заңдастыру тәуекелдерін:

1) берудің жаңа тетіктерін қоса алғанда, жаңа өнімдерді әзірлеу және жаңа іскерлік тәжірибені;

2) жаңа және қолданыстағы өнімдер үшін жаңа немесе дамушы технологияларды пайдалануды анықтайды және бағалайды.

КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалау жаңа өнімдерді, іскерлік тәжірибені немесе жаңа немесе дамушы технологияларды пайдаланғанға дейін жүргізіледі.

4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы

17. Клиентті сәйкестендіру бағдарламасы Субъектілердің клиент жасаған операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қоса алғанда, клиенттер

(олардың өкілдері) және бенефициарлық меншік иелері туралы бұрын алынған мәліметтерді анықтау, жаңарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуінен тұрады және мыналар бойынша рәсімдерді:

1) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабының талаптарына сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөніндегі шараларды сақтау;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;

3) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің Тізімде және Тізбелерде болуын тексеру;

4) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 8-бабының талаптарына сәйкес клиенттің шетелдік жария лауазымды адамға, оның отбасы мүшелеріне және жақын туыстары қатарына жататындығын және (немесе) қатыстылығын тексеру;

5) тиісінше тіркелген, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар клиенттерді анықтау:

ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз орындайтын не КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес көрсетілген мемлекетте (көрсетілген аумақта) тіркелген банктегі шоттарды пайдаланатын мемлекетте (аумақта);

Бұйрықпен бекітілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте;

6) іскерлік қатынастардың болжамды мақсаты мен сипатын белгілеу;

7) берілген тәуекел деңгейіне байланысты клиентке тәуекелдерді басқару бағдарламасына сәйкес клиентті тиісінше тексеру бойынша шараларды қолдану;

8) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы сәйкестендіру мәліметтерінің өзгеруіне қарай клиенттерді сәйкестендіру нәтижесінде алынған мәліметтерді жаңарту, бірақ жылына кемінде бір рет;

9) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру нәтижесінде алынған мәліметтерді тіркеу мақсатында сауалнаманы (досьені) ресімдеудің бастапқы күнін көрсете отырып Субъект ресімдейтін клиенттің сауалнамасының (досьесінің) нысанына, мазмұнына және толтыру тәртібіне қойылатын талаптар;

10) мәліметтерді жаңарту мерзімділігін көрсете отырып, сауалнамада (досьеде) қамтылған мәліметтерді жаңарту;

11) КЖ/ТҚ заңдастыру мақсатында клиенттің операциялар жасау тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау, осындай тәуекелді бағалау негіздері рәсімдерін;

12) клиенттен сұратылатын құжаттар мен ақпараттың тізбесін, Субъектінің жеке тұлғаны бенефициарлық иеленуші деп тану туралы шешім қабылдау

тәртібін қоса алғанда, клиенттердің бенефициарлық меншік иесін анықтауға және сәйкестендіруге бағытталған шаралар тізбесін қамтиды.

Клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты Субъект жүргізетін іс-шаралар дәрежесі КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес клиенттерді тиісінше тексерудің оңайлатылған не күшейтілген шараларын қолданудан көрінеді.

КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелі жоғары клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту жарты жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Жаңарту мерзімділігі және (немесе) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтер алу қажеттілігі клиенттің (клиенттер тобының) тәуекелінің деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын Субъект қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін ескере отырып белгіленеді.

5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасы

18. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның клиентті тиісінше тексеру жөніндегі, сондай-ақ қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы хабарламаларды анықтау және уәкілетті органға жіберу жөніндегі талаптарын іске асыру мақсатында Субъект клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасын әзірлейді.

19. Клиенттердің операцияларын мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасы:

1) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін күдікті операцияларды айқындау белгілері негізінде жасалған, сондай-ақ Субъектілер дербес әзірлеген ерекше және күдікті операциялар белгілерінің тізбесін;

2) КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін КЖ/ТҚ заңдастыру типологияларына, әдістеріне, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциясын анықтау рәсімін;

3) клиент жүйелі түрде және (немесе) елеулі көлемде әдеттен тыс және (немесе) күдікті операцияларды жүзеге асырған жағдайда, клиентке және оның операцияларына қатысты Субъектілер қабылдайтын шараларды қабылдау тәртібі және сипаттамасын қамтиды.

Субъект КЖ/ТҚЖ жөніндегі бөлімшенің жауапты қызметкерін немесе қызметкерлерін тағайындаған жағдайда клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасы қосымша мыналарды:

1) Осы Талаптарда көзделген жағдайларда клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған және (немесе) қосымша мәліметтерді алу жөніндегі міндеттерді Субъектінің бөлімшелері (қызметкерлері) арасында бөлуді;

2) Субъектінің бөлімшелері (қызметкерлері) арасында шекті, ерекше және күдікті операциялар туралы мәліметтерді анықтау және бөлімшелер (қызметкерлер) арасында беру жөніндегі міндеттерді бөлуді;

3) шекті, ерекше және күдікті операциялар анықталған кезде Субъект бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тетігін сипаттауды;

4) жауапты қызметкердің клиент операциясын біліктілігі туралы шешім қабылдау тәртібін, негіздерін және мерзімін;

5) клиенттің операциясын жүргізуден бас тарту туралы (клиенттің, бенефициарлық меншік иесінің Тізбелерде болуына байланысты бас тартуды қоспағанда), сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы шешім қабылдау бойынша бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

6) Тізбелердегі клиенттерді және бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша, сондай-ақ осындай клиенттердің ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен операция жүргізуден, осындай клиенттерге қызмет көрсетуден бас тарту не онымен іскерлік қатынастарды тоқтату бойынша Субъект бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

7) Субъектінің лауазымды адамдарын шекті және күдікті операцияның анықталғаны туралы хабардар ету тәртібін (қажет болған жағдайда) қамтиды.

20. Клиенттер операцияларын мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасы шеңберінде Субъектілер КЖ/ТҚ заңдастыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар барлық шекті, ерекше, күдікті операциялар мен операциялардың мақсаттары мен негіздерін белгілеуге бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

Клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу нәтижелері Субъект қызметтерінің КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайын бағалау үшін, сондай-ақ клиенттер тәуекелдерінің деңгейлерін қайта қарау үшін пайдаланылады.

Клиент операцияларының мониторинг және зерделеу бағдарламасын іске асыру шеңберінде алынған мәліметтер клиенттің досьесіне енгізіледі және (немесе) клиентпен іскерлік қатынастардың бүкіл кезеңі бойы Субъектіде және операция жасалғаннан кейін кемінде бес жыл сақталады.

21. Клиент операцияларын зерделеу жиілігін Субъект клиенттің тәуекел деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын Субъект қызметінің КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін, клиенттің қаржы мониторингіне жататын операцияларды (операцияларды) жасауын (жасауға талпынуын) есепке ала отырып, сондай-ақ КЖ/ТҚ туралы Заңның 4-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін немесе Субъектілер дербес әзірлеген КЖ/ТҚ заңдастыру типологияларын, схемалары мен тәсілдерін ескере отырып айқындайды.

Клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі берілген жағдайда, сондай-ақ клиент күдікті операция жасаған жағдайда Субъект белгілі бір уақыт кезеңінде клиент жүргізетін (жүргізген) операцияларды зерделейді.

Клиенттің операциялары зерделенуге жатады:

КЖ/ТҚ туралы Заңның 4-бабының 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша;

егер олар күдікті операция белгілерінің сипаттамасына ие болса.

22. Клиенттің операциялары, егер осы Талаптардың 21-тармағында көрсетілген, операцияларды зерделеу нәтижелері бойынша Субъектіде клиенттің операциялары КЖ/ТҚ заңдастырумен байланысты деп пайымдауға негіз болған жағдайда күдікті деп танылады.

Субъект клиенттің операциясын күдікті операция ретінде тану (танымау) туралы шешімді клиенттің (оның өкілінің) және операцияны жүзеге асыратын бенефициарлық меншік иесінің мәртебесі мен қызметін сипаттайтын, оның иелігіндегі ақпарат пен құжаттар, сондай-ақ клиенттің қаржылық-шаруашылық қызметі, қаржылық жағдайы және іскерлік беделі туралы ақпарат негізінде дербес қабылдайды.

Операцияны жасау уақыты мен осындай операцияны күдікті деп тану уақыты арасындағы айырмашылық Субъектінің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес клиенттің операциясын зерделеу жиілігін айқындайтын уақыт аралығынан аспауы тиіс.

6-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында қаржы мониторингі субъектілерін даярлау және оқыту бағдарламасы

23. КЖ/ТҚ мәселелері бойынша қаржы мониторингі субъектілерін даярлау және оқыту бағдарламасы КЖ/ТҚ туралы Заңның 11-бабының 8-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Субъектілердің қызметкерлерін даярлау және оқыту жөніндегі талаптарға сәйкес әзірленеді.

